

КОМПОЗИТОР БАЛНҰР ҚЫДЫРБЕК ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ КӨРШІЛЕС ХАЛЫҚТАР АРАСЫНДАҒЫ МУЗЫҚАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫ ТАЛДАУ («ҚЫРҒЫЗ КҮЙ» МЫСАЛЫНДА)

Айгуль Ергалиева

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті (Орал, Қазақстан)

Андатпа. Балнұр Балғабекқызы Қыдырбек (1955) қазіргі заманғы қазақстандық композиторлық мектебінің көрнекті өкілі. Оның 500-ден астам әртүрлі жанрларда жазылған опера, балет, симфониялық және үрмелі аспаптар оркестріне арналған музыка, рекевием, кантата т.б. қатарында көлемі екі концерттік бағдарлама құрайтын халық аспаптар оркестріне арналған туындылары көптеген шығармашылық ұжымдардың концерттік репертуарына еніп, жиі орындалуы музыкатану ғылымы тарапынан әлі де болса арнайы зерттеп, зерделеп, бағалауды қажет ететін дүние.

Зерттеудің мақсаты – қазақ музыкасында көршілес (қазақ-қырғыз) халықтар арасындағы өзара мәдени алмасу үрдістері үлгісін композитор Балнұр Қыдырбектің «Қырғыз күй» атты халық аспаптар оркестріне арналған шығармасы арқылы талдап, композитордың дара келбетін айқындау. Оған жету үшін: 1) қазіргі кезде композитордың әртүрлі жанрларда көптеген шығармалар жазу техникасын меңгерген шеберлігін сипаттау, 2) қазақ және қырғыз халықтарының дәстүрлі аспаптық музыкасында қалыптасқан байланыстарды зерделеу, 3) халық аспаптар оркестріне арналған «Қырғыз күйдің» музыкалық семантикасына талдау жасау, 4) жаңа композиторлық технологиялар арқылы оркестр партитурасына енгізілген әртүрлі орындаушылық тәсілдерді анықтау секілді міндеттер атқарылды. Мақалада кешенді және жүйелі тәсілдер, салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы-типологиялық, морфологиялық әдістер қолданылды. Композитордың шығармашылық келбетін айқындау үшін Сара Күзембай, Гүлмира Мұсағұлова, Зұлфия Касимова, ал қазақ-қырғыз музыкасындағы байланыстар жөнінде Аугуст Эйхгорн, Сәуле Утеғалиева, Ақбота Тұрымбетова, Мақсат Медеубектің зерттемелері пайдаланылады. Атқарылған жұмысты дайындауда

белгілі қазақстандық дирижер-композитор, ҚР еңбек сіңірген қайраткер, профессор Айтқали Жайымов және Дәулеткерей атындағы облыстық халық аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері Еркін Нұрымбетов интерпретациясындағы композитор Балнұр Қыдырбектің шығармаларын орындау үлгісі маңызды болды.

Зерттеу нәтижесінде көнеден жеткен қазақ және қырғыз күйлеріндегі сюжеттік, жанрлық, құрылымдық байланыстардың маңызы айқындалып, халық аспаптар оркестріне арналған «Қырғыз күй» шығармасы арқылы композитор Балнұр Қыдырбектің халық аспаптар оркестрі репертуарын кеңейтумен қатар, жаңа интонациялық құрылымдар мен орындаушылық тәсілдерін енгізгені көрсетілді. Музыканттар партиясында алғаш рет дауыспен орындау элементтерінің, домбыра шанағын қағып ойнау тәсілдерінің қолданғаны талданды.

Түйін сөздер: қазіргі заман қазақстан композиторы, дәстүрлі музыкалық өнер, домбыра күйлері, қырғыз комузы, қағыс түрлері, интонациялық құрылымдар.

Дәйексөз үшін: Ерғалиева Айгүл. «Композитор Балнұр Қыдырбек шығармашылығы негізінде көршілес халықтар арасындағы музыкалық байланыстарды талдау («Қырғыз күй» мысалында)». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 9, № 4, 2024, 120–138 бб., DOI: 10.47940/cajas.v9i4.944

Автор қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып мақұлдады және мүдделер тарапынан қайшылығы жоқ екенін мәлімдейді.

Кіріспе

Балнұр Балғабекқызы Қыдырбек қазіргі кезеңде музыка өнерінің барлық жанрларын меңгерген көрнекті композиторлардың бірі. Оның есімі кәсіби музыкалық ортамен қатар көпшілік қауымға танымал болса да, шығармашылығы туралы музыкатану қырынан сарапталған ғылыми еңбектер көп емес. Өнертану докторы, профессор Сара Күзембай «Қалқаман-Мамыр» опера-балетінің сюжеті мен музыкасы туралы жазса (281), өнертану кандидаты Гулмира Мұсағұлованың мақалаларында симфониялық туындылардың сюжеттік және музыкалық семантикасы қарастырылады (321). Ал, өз шығармашылығында үрмелі аспаптармен қатар халық аспаптар оркестріне жазылған Балнұр Қыдырбектің туындылары арнайы талдау жұмыстарын атқаруды талап етеді.

Қазақ халық аспаптар оркестріне арналған алғаш шығармаларды Ахмет

Жұбанов, Латиф Хамиди, Евгений Брусиловский, Леонид Шаргородский, Дмитрий Шабельский (өңдеулер мен лайықтауларды да ескере отырып) жазса, олардың ізімен Сыдық Мұхамеджанов, Кенжебек Күмісбеков, Нұрғиса Тілендиев қазақ музыкасының алтын қорына енген туындыларды дүниеге әкелгені белгілі. Балнұр Балғабекқызы өзіне дейін қаланған композиторлық мектептің көрнекті өкілдерінің туындыларын бойына сіңіре отырып, халықтық аспаптық музыкасына қатысты ізденіс жұмыстарын атқарады.

Фольклорлық музыканың 150-ден астам үлгісін хатқа түсіріп, мол этнографиялық тәжірибе жинақтаған композитор қазақ домбырасына типологиялық тұрғыда туыс қырғыздың комуз күйлеріне назар аударып, қазақ халық аспаптар оркестріне арналған «Қырғыз күй» атты шығармасын қалың жұртшылыққа ұсынады. Композитор қырғыздың дәстүрлі музыкасын партитураға түсіру барысында ұлттық

өнерге тән ортақ интонациялық-тақырыптық мазмұн мен тембрлік үн-баяуға ерекше назар аударады.

Аталмыш туынды оркестрдің репертуар қорын кеңейтумен қатар, аспаптық орындаушылық шеберліктің әртүрлі қырларының ашылуына ықпал етті. Қырғыз күйіне тән көркемдік бейнелік тақырыптар жаңа қағыс түрлері мен динамикалық даму ерекшеліктері арқылы жеткізілді. Қазақ халық аспаптар оркестрі музыкасында мұндай тақырыптар Кенжебек Күмісбековтың «Фараби сазы», «Қорқыт туралы аңыз», «Достық мерекесі» атты шығармаларында байқалады.

Балнұр Қыдырбек «Қырғыз күйде» домбыра және комуз аспаптарына тән ортақ орындаушылық әдіс-тәсілдерін еркін қолданады. Ал ладтық тірек ретінде қырғыздың дәстүрлі музыкасына тән «ре-ля» ладтық ауқымдылық қолданылса, ал қырғыз аспаптарын сипаттау барысында салыстырмалы-типологиялық әдістер қолданылған.

Халық аспаптар оркестріне арналған Б.Қыдырбектің «Қырғыз күй» шығармасын талдаудағы мақсат – өзінің дамуында 90-жылдық тарихы еліміздің маңдайалды шығармашылық ұжымының репертуары қазақ күйлерімен қатар бауырлас түркі халықтарының музыкасымен сусындап, өсуін көздеген композитордың еңбегін бағалау.

Композитордың жазу мәнерінде ұлттық нақыштағы кварта-квинталық интонациялық иірімдер, күй өнеріне тән ырғақтық құрылымдар молынан кездеседі. Сондай-ақ, ол бауырлас түркі халықтарының музыкасын, тарихи сюжеттерін, фольклорлық мұрасын, музыкалық тілінің ерекшеліктерін зерттеп, жетік меңгерген ғалым-композитор. Композитордың халық аспаптар оркестріне арналған «Қырғыз күй» атты шығармасында қырғыздың комузы мен қазақ домбырасына тән жүрдек екпін, әртүрлі қағыстар заңды түрде қолданылып, әртүрлі

орындаушылық тәсілдер көрсетіледі. Қырғыздың ботой жанрында жазылған туындыға жылдам екпін, көтеріңкі көңіл-күй тән. Ал композициялық құрылымы қазақтың шертпе күйлеріне үксас келеді. Шығармада домбыраның басын көтеру, саусақпен шертіп ойнау, алақанмен домбыра шанағын қағу, оркестр музыканттарының партиясында речитатив тәрізді дауыспен орындау элементтері кеңінен қолданылады.

Әдістері

Композитор Балнұр Қыдырбек шығармашылығындағы көршілес халықтар арасындағы музыкалық байланыстарды талдау барысында тарихи-кешенді және жүйелі тәсілдер пайдаланылып, «Қырғыз күйінің» жанрлық ерекшелігі, музыкалық тілі мен композициялық құрылымын сипаттау үшін салыстырмалы-типологиялық, морфологиялық әдістер қолданылды.

XVIII-XIX ғ.ғ. ауызша дамыған кәсіби өнер майталмандарының өмірі мен шығармашылығы туралы алғаш жазған Ахмет Жұбанов (400) еңбектері өз жалғасын тауып, академиктің бастамасымен құрылған Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрінің қалыптасып, дамуы музыкатанушы-ғалым Бисенғали Ғизатов (9) еңбегінде көрініс тапса, композиторлар туралы жазылған Сара Күзембай (280), Үмітжан Жұмақова (55) құрастырған оқулықтар мен монографиялардың маңызы зор.

Ұлттық өнеріміздің әйгілі тұлғаларын ұлықтау мақсатында елімізде республикалық және халықаралық конференциялар ұйымдастырылып көптеген еңбектер жарияланса, қазақ музыкасының әлем мәдениеті контекстіндегі рөлі туралы мазмұндалған зерттемелер де баршылық (Kaztuganova 90).

Композиторлар «дәстүр және қазіргі заман» принциптерін ұстанып, жаңа көркемдік бағыттардың жолын қалады.

Әр сазгер ауызша дамыған мәдени үлгілерді өз туындыларына арқау етіп, композиторлық технологиялармен көркемдеп, тек өзіне тән қолтаңба қалыптастыра алды (Утегалиева «Құрманғазы – қазақ музыка өнерінің көрнекті өкілі» 47).

Ғалымдардың еңбектерінде ХХ ғасырдың бірінші жартысынан бастап, дәстүрлі музыка өнеріне қатысты тың ізденістер көрініс тапты. Халық аспаптары жетілдіріліп, жеке орындаушылықпен бірге оркестрлік ойын жетекші орынға ие бола бастады. Домбыра, қобыз аспаптарының бірнеше түрлері жасалып, бірыңғай ладтық жүйеге түсіріліп, құлақ-күйлері диатоникалық кварта немесе квинта интервалдарына келтірілді. Академик Ахмет Жұбанов бастамасымен ұжымдық ойынның негізі қаланып, алғашында эксперимент ретінде 11 адамнан құрылған шағын ансамбль кейін әлем сахналарын бағындырған аса ірі шығармашылық ұжымға айналғаны белгілі. Оркестр музыканттары қазақтың әні мен күйімен бірге Петр Чайковский, Йоганнес Брамс, Людвиг ван Бетховен, Иван Глинка, Модест Мусоргский, Александр Бородин т.б. композиторлардың туындыларын меңгеріп, орындаушылық шеберліктерін ұштады (Гизатов, «Қазақский оркестр им. Құрманғазы» 83). Сыдық Мұхамеджанов, Кенжебек Күмісбеков, Нұргиса Тілендиев, Жоламан Тұрсынбаев, Жұматай Тезекбаев, Балнұр Қыдырбек, Айтқали Жайымов, Ермұрат Үсенов т.б. көптеген композиторлардың қазақ халық аспаптар оркестріне арнайы жазылған туындылары ұлттық өнеріміздің қаншалықты дамып, жетілгенінің жарқын дәлелі. Ал, ағылшын композиторы А.Эльгар 2010 ж. Абай әндері негізінде симфониялық оркестрге арналған Фантазия жазып, бұл туынды әлемге әйгілі скрипкашы Марат Бисенғалиев басқаруындағы ұжым репертуарына еніп, жиі орындалуда (Ергалиева 339).

Сондай-ақ, қазақпен шығу тегі бір, бауырлас түркі халықтарының ұлттық аспаптары туралы жарияланған Сәуле Утегалиева (3), Ақбота Тұрымбетова (2109), Мақсат Медеубек (491) еңбектері аса күрделі, өзекті тақырыптардың басын ашады.

Талқылау

Қазақ музыкасында композиторларлар тарапынан басқа халықтардың мәдениетіне қызығушылық танытып, олардың озық үлгілері негізінде жаңа музыкалық тілмен байытылған шығармалар жазылғаны белгілі. Ғазиза Жұбанованың «Жиырма сегіз» операсы, Нұргиса Тілендиевтың «Боорлаштар», «Бала мишка» күйлері, Мұқан Төлебаевтың «Кестелі орамал», «Тос мені, тос» (орыс тілінде айтылатын «Синий платочек», «Жди меня» әндері негізінде) – ұлттық өнеріміздің классикалық мұрасын айқындайтын дүниелер. Ал ғылыми айналымда түркілік дәуірден бастау алған түп тамыры бір елдердің музыка өнерінде (Sabirova 131), бауырлас халықтар арасында мәдени алмасу процестер болып тұрғанын дәлелдейтін деректер де баршылық. Ортаазиялық халықтарда кең тараған музыкалық аспаптар туралы алғаш рет жазған Әбу Насыр әл-Фарабидің (870-950) (127) еңбегі әлемге кең тарап, шет ел ғалымдары тарапынан қызығушылық танытып, зерттеу жұмыстары атқарылғаны белгілі. ХІХ ғасыр оқымыстылары – поляк Адольф Янушкевич (94), неміс Аугуст Эйхгорн (14) т.б. қазақтың ұлттық аспаптарының далалық өмірдегі атқарған қызметіне назар аударса, ХХ ғ. ғалымдары Анаит Цицикян (4), Шахым Гуллыев (97), Тухтасин Гафурбеков (44) еңбектерінде түркі мәдениетінің музыкалық өнері сарапталады.

Қазақпен шығу тегі бір, бауырлас түркі халықтарының музыкалық аспаптары туралы жарық көрген

отандық ғалымдардың еңбектері де баршылық. Этномузыкатанушы-ғалым Сәуле Өтеғалиева байырғы Орта Азия халықтарының музыкалық аспаптарының этнофондық қасиеттеріне үңіліп зерттеу барысында олардың шектері жануарлардың қылынан, сіңір және металлдан жасалғанына тоқталып, аспап дамуындағы эволюциялық бағытты айқындайды (82). Сондай-ақ, олардың дүниетанымының қалыптасуына табиғи-географиялық жағдайдың әсері, ал музыкалық аспаптары мен шығармаларында өсімдік және жануарлар әлемі (тотемизм) мол көрініс тапқаны туралы дәлелдер келтіреді (Tokzhanov 9835).

Ғасырлар бойы табиғат аясында өмір сүрген халықтың музыкасында жылқы және түйе образдары жиі кездеседі. Қазақта «Тепең көк», «Қара жорға», «Бозайғыр», «Бес жорға», «Көксерке» атты күйлер болса, якут халқының жылқы малына арналған олонхолары, қырғыздардың «Бәйге» атты шығармалары белгілі. Сондай-ақ, түйе бейнесі «Желмая», «Бозінгеннің бүлкілі» (Сүгір), «Ерке атан» (Байжігіт) тәрізді қазақ күйлерінде бейнеленсе, ал қырғыз халқының күү жанрында «Ботой» («Бота»), «Токтогулдуң Ботой», «Айдайдын Ботою», «Муратаалының кичине Ботой» тәрізді автор атымен аталған шығармалар көптеп кездеседі.

Қырғыз аңыздары бойынша комуз аспабының жасалуы аңшы Қамбархан есімімен байланысты болған. Батыр-аңшы қойдың кепкен шегін қураған ағаштың мойнына керіп, алғаш күйді орындаған екен. Кейін «Қамбархан» болып тарап кеткен күйлер топтамасы көптеген түркі халықтарының аспаптық музыкасының асыл қазынасына айналған (Мүптекеев 138).

Қырғыз комузшылары есту және есте сақтау қабілеттерімен ерекшеленіп, суырып-салмалық өнер иелеріне тән жеке қасиеттері болған. Күйлер сюжетімен немесе жалпылама дербес

түрінде орындалады. Аспапқа керіліп, тағылатын шектер саны – 3, құлақ-күйі квинталық (Кузнецов 7). Айта кету керек, қырғыз комузына аттас аспаптар басқа түркі халықтарында кездеспейді. Қырғыз комузының құлақ күйінің бірнеше түрлері бар: кварта, квинта, кварта-квинта, квинта-кварта, октава-кварта, кварта-октава, секунда-квинта, квинта-секунда. Комузға тағылатын үш шек әртүрлі құлақ-күйге келтіріледі. Аспап құлақ-күйлерінің өзіндік атаулары бар: толгоо, шың, бош, оң, сол, қош, теріс (Алагушов 117).

Жас ғалым Ақбота Тұрымбетова домбыра аспабының қазіргі репертуарына қатысты зерттеу жұмыстарын атқарып, қазақпен түп-тамыры бір түркі халықтарының музыкасына тоқталады. Оның диссертациясында өзбектің домбырасында, өзбектің дутарында, түрікменнің сазында орындалатын шығармалардың домбыраға лайықталып, өңделген түрлері көрсетіледі. Автор қырғыздың «Маш ботой», «Қыз кербез», «Жаш кербез» атты халық күүлдерінің мазмұнын, аңызын, музыкалық тілін, құлақ күйін, қағыстарын, әуендердің шекте орналасуын, фактурасын, сарынын, ырғағы мен екпінін, динамикасын және т.б. орындаушылыққа қатысты ерекшеліктерін жан-жақты қарастырып, домбыраға түсіріп, ноталық хрестоматия ретінде жинақ шығарды (150).

Жанрлық тұрғыда бай қырғыз халқының комуз музыкасында ботойлар атымен таралған күйлер өте көп кездеседі. Атап айтқанда, «Мұратаалының Ботойы», «Муратаалының кичине Ботойы», «Айдайдын Ботойы», «Токтогулдуң Ботойы», «Чон Ботой», «Маш Ботой» және т.б.

Тарихтың қалың қойнауынан жеткен бауырлас халқымыздың музыкалық мұрасына қазіргі жас ғалымдар буыны да назар аударуда. Қобызшы-ғалым, қазақстандық «Тұран» этноансамблінің

жеке орындаушысы Мақсат Медеубек қобызға ұқсас дүниелерді қырғыз, өзбек, қарақалпақ мәдениеті аясында зерттеп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды. Оның ізденістерінде қазақ қылқобызы, қарақалпақ қобызы, қырғыз қыяғы, өзбек кобуздарының морфологиялық және эргологиялық ерекшеліктері айқындалып, репертуар қоры мен орындаушылықта қолданылатын кәсіби дағдылары сарапталады. Қырғыз қыяғының генеалогисы бақсы-балгерлік қызметпен байланыста болмағаны, мойыны алға қарай иіліп, шанағы ожау тектес, тиектері ағаштан, ал шектері қылдан жасалғанын сипаттайды. Аспап жасауда қолданылатын ағаш, тері, аттың қылы, металл, суқабақ секілді материалдар анықталып, шеберлердің есімдері туралы мәлімет беріледі. Қазіргі кезде Қырғыз қылқыяғының эволюциялық даму жолдары сипатталып, жаңа мәдениет аясында жетілдірілген түрлері көрсетіледі (Медеубек 495).

Домбыра репертуарында қырғыз композиторы Атай Оғонбаевтың (1904-1949) «Маш ботой» күйі жеке және ансамбльдерде орындалып жүр. Ал «Ақсақ құлан» күйінің варианты қырғыздарда «Кет буканын күюсу» деп аталып, музыкалық орындаушылықта кең тараған.

Балнұр Балғабекқызы Қыдырбек фольклорлық мұраға, қазақ халық аспаптарының түркілік мәдениеттен туындаған генезисіне, өткен ғасырларда қазақ даласында болып өткен тарихи уақиғаларға ерекше қызығушылық танытып, іздене білетін суреткер. Ізденімпаздығының сыры да негізсіз емес еді. Композитордың кіндік қаны тамған текті тамыры, өзі туып-өскен отбасылық бай рухани ортасы, республикадағы алдыңғы қатарлы оқу орындарда алған кәсіби білімі шебер музыкант ретінде қалыптасуына мол мүмкіндік берді. Ол ұлттық мәдениетіміздің терең тамырына үңіліп, биік үлгідегі туындыларды еркін

жаза бастады. Оның сазгерлік қарымы ұлттық мүдде, рухани құндылық, ел мен жерге арналған кесек туындыларды дүниеге әкелуге жетеледі. ХХІ ғасыр композиторларының ірі өкілі бола тұра, өз заманының суреткері ретінде ұлттық қазынамызды көптеген туындылармен толықтырып, концерттік репертуарды байытты. Композитор фольклорлық үлгідегі туындылардың тұңғығына үңіліп, жанрлық және құрылымдық ерекшеліктеріне көңіл бөлді.

Осы бағытта ол көп ізденіп, қазақтың әні мен күйінің синкретті сипатына айырықша көңіл бөліп, өзіндік көркемдік-эстетикалық талғам қалыптастыра алды. Ал, композитор шығармаларының аттары тарихи шындық, филологиялық талдау, философиялық ой-тұжырым жұмыстары атқарылғанының нәтижесі екенін білдіреді.

Балнұр Қыдырбек замана тынысын және қоғам өмірінде болып жатқан әртүрлі уақиғаларды ой елегінен өткізіп қана қоймай, белсенді түрде іс-әрекет жасап, шығармалары арқылы үн қоса алатын қаламгер. Ол халықтың көркемдік мұрасын, тарих қойнауындағы ақтаңдақтарды ғылыми тұрғыда зерттеп, дәлелдеуге ұмтыла алатын композитор. Оның жазу мәнерінде ұлттық нақышқа тән кварта-квинталық интонациялық иірімдер пайда болып, күй өнеріне тән ырғақтық құрылымдар композитор шығармашылығының стильдік бағыттарын айқындайды. Яғни, Тәуелсіздік идеясымен сусындап, бойындағы композиторлық туындыларын Қазақстанның жаңа мәдениетін қалыптастыруға арнап, тың тақырыптарды іздестіре бастады. Бұл кезде композитор бірден тарихқа үңіліп, «біз кіміз?» деген сұрақтардың жауабын іздестіре бастайды. Балнұр Қыдырбектің «Қырғыз күй», «Бөрілі менің байрағым», «Ұяғаржан, жердің салқын-ай», «Серіктес», «Балғабек», «Омар сарыны», «Оспан әуендері», «Серік», «Жаннат», «Сұңқарды торғай тепкен

күн», «Керімсал» атты халық аспаптар оркестріне арналған шығармаларында өткеннің ғана емес қазіргі заманның мәселелері де қамтылған.

Балнұр Қыдырбек халық шығармашылығын кәсіби тұрғыда меңгерген композитор. Ол қазақтың әндерін хатқа түсіру үшін Қазақстанның облыс пен аудан орталықтарын көп аралап жүріп, әуесқой әншілердің репертуарымен танысып, ауыл сазгерлерінің өнерін сараптап, талдайды. Әсіресе, композиторды Жетісу өңірінің әншілік-орындаушылық мәнері ерекше қызықтырады.

Нәтижелер

Балнұр Қыдырбектің халық аспаптар оркестріне арналған шығармаларында қоғам өмірінің тұрмыс-тіршілігі мен табиғат аясындағы көріністер бейнеленген. 90-шы жылдардан бастап қазақ музыкасында дәл осы жанр жетекші рөлге ие болғаны белгілі. Халық аспаптар оркестріне шығарма жазу үшін, біріншіден, күйдің құрылымын, интонациялық тақырыптылығын және ұлттық тембрлік бояуларды меңгеру қажет. Көрнекті композиторлар Сыдық Мұхамеджанов, Нұрғиса Тілендиев, Қенжебек Күмісбеков оркестр репертуарын көркем туындылармен байытқаны белгілі. Олар оркестр репертуарын толықтырумен қатар, қазақ музыкасының негізгі даму бағыттарын қалыптастырды. Қазіргі кезде Ермұрат Үсенов, Айтқали Жайымов, Арман Жайым, Еркін Нұрымбетов және т.б. халық аспаптар оркестріне арнайы шығармалар жазуда. Сонымен қатар, бұрын қазақ оркестріне аса көңіл бөлмеген композиторлар да ұлттық аспаптарымыздың тембрлік ерекшеліктері мен орындаушылық мүмкіншіліктеріне қызуғышылық таныта бастады. Орындаушылық өнердегі тың бастамашылдық өте қарқынды атқарылды. Сол сияқты

музыкалық тәжірибеде әртүрлі халықтар аспаптарынан құрылған ансамбльдер, классикалық аспаптар мен этномузыкалық ұжымдар құрылып, композиторлар шығармашылығында синтезделген музыка да орын ала бастады. Халық аспаптар оркестрінің өзіндік тембрлік үні тәуелсіз Қазақстан идеяларына жақын көркем бейнелерді суреттеуге ыңғайлы болды. Рухани құндылықтарды іздеу мақсатында жазылған шығармалар мемлекеттік мәртебеге ие болды.

Автордың халық аспаптар оркестріне арналған шығармаларының ешқайсысында фольклорлық материалды түпнұсқада қолдану әдісі жоқ. Барлығы автордың төл туындылары. Әсіресе, «Қырғыз күй» және «Керімсал» оркестр репертуарынан түспей, еліміздің көптеген шығармашылық ұжымдары орындауда. «Қырғыз күй», аты аталып тұрғандай, қырғыздардың комуз күйлеріне еліктеп жазылған туынды. Қырғыз комузы — домбыраға ұқсас тамбур тектес шекті, шертпелі аспап. Түркі мәдениетінде қазақ домбырасына типологиялық тұрғыда туыс аспаптар кең тараған. Қалмақ, ноғай, өзбек, татар халықтарында — домбыра; түрікмен, өзбек, қарақалпақтарда — дутар. Бір қызығы қырғыз комузының аты басқа түркі халықтарында кездеспейді. Көне заманда туындаған аспап тарихы VIII-IX ғ.ғ. бастау алады. Аспаптың дүниеге келуі Қамбархан есімімен байланысты болған (Алагушов 70).

Қазақ домбырасы мен қырғыз комузының айырмашылығы шектерінің санында. Дәстүрлі домбыра әдетте екі шекті болып келеді, үш шектілері өте сирек, тек кейбір аймақтарда ғана кездеседі. Ал, комуздың үш шекті болуы қырғыздың аспапты музыкасында үш дыбысты құрылымдардың таралуына себеп болды. Айырмашылықтарға қарамастан, бұл аспаптардың бойында көптеген ұқсастықтар бар. Яғни, комуздың үш шекті болуы оған шығарманың мазмұны мен ладтық

ерекшелігіне сәйкес әртүрлі құлақ-күйде ойнауға мүмкіндік береді. Қырғыз тіліндегі кейбір сөздерге тоқталсақ, толгоо — аспаптың құлақ-күйінің келтірілуі, чын — өте қатты құлақ-күй, бош — әлсіз күй, он — оң бұрау, сол — теріс бұрау, қош — қос бұрау. Комуз музыкасында домбыра күйлеріне тән терминдік атаулар көптеп кездеседі. Әсіресе бұл ұқсастық құлақ-күйіне қатысты оң және теріс бұрауға байланысты. Сонымен қатар, «шалыс бұрау» (секунда), «қалыс бұрау» (үлкен терция) және «тел бұрау» (унисон) секілді құлақ-күй комуздың қос шегінде де көп кездеседі (Алагушов 54).

Домбыра мен комузда дыбыс шығару тәсілдері бірдей, екеуінде де саусақпен орындалатын қағыстар негізгі штрихтің рөлін атқарады. Сондай-ақ, шектерді алма-кезек тарту әдісі де екі аспапқа ортақ қасиет. Қырғыз күйлерінде бұл әдіс өте жиі кездеседі, ал домбыра күйлерінде бұл негізінен шертпе дәстүріне тән. Комуз бен домбыраның дутар аспабынан айырмашылығы дәл осы шектерді алма-кезек тарту әдісі болып табылады. Бұған қоса екі аспапқа тән пиццикато, флажолеттер, тремоло, шекке қағып ойнау, аспап шанағын қағу секілді тәсілдерді домбырашылар мен комузшылар жиі қолданады.

Әуен желісі қырғыз күйлерінде көбінесе кварта, квинта, терция қашықтықтарды қамтиды. Домбыра күйлеріне тән кварта-квинталық үндестіктен гөрі, терция қашықтығындағы шығармалар комуз музыкасында көптеп кездеседі. Домбыра күйлерінде жиі кездесіп отыратын кварта-квинталық қашықтықтар аспапты меңгеріп, үйренуде ыңғайлылық туғызады.

Қырғыз күйлеріне тән сюжеттік тақырыптар, бейнелеу әдістері, интонациялық ерекшелік, бурдон, әуен желісінің бағытас дауыстарда үнделуі домбыра күйлерімен байланысын жақындатып, репертуар алмасуына

мүмкіндік туғызуда. Жалпы, түркілік мәдениетте «күй» сөзінің этимологиясы адамның белгілі бір жағдайдағы көңіл-күйімен түсіндіріледі. Өзбек, алтай, татар, башқұрт күйлерінің мағынасы да осындай. Күй музыкасында қоршаған ортамен үндестік, тіпті әлеуметтік мәселелер де жан-жақты сипатталады.

Мұнда «Шығыс музыкасы» түсінігіне тән көптеген мелизмдер, ладтық ауыспалық, кеңейтілген секундалар кездеспейді. Қырғыз музыкасы араб, парсы, монғол мәдениеттерінің ықпалында болған жоқ. Қырғыздардың күүлери қазақ күйлеріне және Оңтүстік Сібірдегі түркі тілдес халықтарының музыкасына жақын келеді. Қазақ даласында қырғыз әуендері көбінесе Шу және Талас өзендерінің бойында тұратын халықтар арасында кең тараған.

Қырғыз күйлерінің бірнеше жанрлық түрлері бар. Қырғыз комуз өнерінде үш ірі жанр бар: «обон», «залқар» (қара) және «айтым». Ал осылардың өзі бірнеше жанрлық түрлерге жіктеледі. Залқар жанрында Қамбархан, Ботой, Кербез, Шыңғырама, Толгоо, Бекарыстан, Қайрық күүлери шығарылған (Алагушов, 12). Қырғыздың жанрлық күйлерінде композитордың аты бірінші тұрады. Мәселен, «Күрөңкөйдүң Қамбарханы», «Мұратаалының Қамбарханы», «Мұратаалының Кертолгоо», «Күрөңкөйдүң Шыңғырамасы». «Тоқтоғұлдуң кербезі» және т.б. Қазақтың дәстүрлі өнерінде мұндай атаулар «Мұраттың төкпесі», «Алтынайдың ақжелеңі», «Темірбектің төкпесі», «Махамбеттің термесі», «Бапас», «Соқыр Есжан», «Богда» секілді шығармаларда кездеседі. Сонымен қатар, қазақ және қырғыз күйлерінде аттас үлгілердің болуын шығармалардың түбі бір түркі мәдениетінен бастау алғандығымен түсіндіруге болады. Мәселен, «Кертолғау»/ «Кер-толгоо», «Толғау» — «Толгоо», «Жоқтау» — «Жоқтоо», «Қамбархан»/ «Қамбархан», «Кербез

ақжелең»/ «Жаш кербез», «Кербез керік»/ «Кербез», «Терісқақпай»/ «Терс-қағыш», «Тоғыз тарау»/ «Тоғыз-қайрық», «Көкейкесті»/ «Көкөй-кесті» және т.б.

Комуз және домбыра күйлерінің тақырыптары тарихи және тұрмыстық сюжеттерді, тіршіліктің әртүрлі көңіл-сезімдері мен психологиялық жағдайларын, табиғат және қоршаған ортаны бейнелейді. Күй және күү аңыздарының сюжеттері де ұқсас келеді. Ұлы Шыңғысханның жорықтары, оның үлкен ұлы Жошы ханның өлімі күй тілімен жеткізген Кетбұға туралы аңыз қазақ («Ақсақ құлан») және қырғыз («Кет буканын куусу») мәдениетінде де кең тараған.

Композиторлар шығармашылығында өзі өмір сүрген көршілес халықтарының мәдениетімен танысу, оларға қызығушылық танытып, арнайы шығарма арнау қазақ күйшілерінің кемеңгері Құрманғазыдан бастау алған үрдіс. Қазақ музыкасының классигі XIX ғ. Бөкей Ордасында болған тарихи оқиғаларды өз шығармаларына арқау еткені белгілі. Басқа халықтар музыкасының әсері негізінде Құрманғазы дәстүрлі күй өнеріне жаңа образдық-мазмұндық жаңалықтар енгізді. Күйші-композитордың «Лаушкен», «Перовский марш», «Машина», «Саранжап», «Не кричи, не шуми», «Охота», «Пәбескі», «Итог» күйлерінің атаулары, біріншіден, сол қоғамның әсерінен туындап, екіншіден, күйші-композитордың танымдылығын, өз заманының жаршысы екендігін айқындайды. Ал, атақты «Сарыарқа» күйінде контрапункттық «полиритмиялық» құрылымдар да кездеседі.

Көршілес, бауырлас халықтардың бірі — қырғыз музыкасына деген қызығушылық композитор Балнұр Қыдырбектің көркемдік-эстетикалық талғамдарын айқындайды. Оның халық аспаптар оркестріне жазылған «Қырғыз күйі» дәстүрлі музыканың

барлық заңдылықтарын сақтап орындалған авторлық шығарма. Біздің пайымдауымызша, композитор бұл туындыны жазу барысында қырғыз күйлерімен танысу мақсатында көптеген ноталық жинақтарды саралап, аудио және видео материалдармен танысқан. Тұңғыш рет бұл шығарма Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптар оркестрі орындауында танымал болып, қазір еліміздегі барлық оркестр репертуарына енген туындылардың бірі.

Композитордың «Қырғыз күй» оркестрлік шығармасы қырғыз музыкасындағы ботой жанры негізінде жазылған. Комузға арналған репертуарда «Мұратаалының Ботой», «Мұратаалының кичине Ботой», «Айдайдын Ботой», «Токтогулдун Ботою», «Чон Ботой», «Маш Ботой» атты күүлەر кең тараған. Ботой жанрындағы күүлер теріс бұрауда, яғни шектердің құлақ-күйлері квинтаға келтіріледі.

Шабыттана орындалатын күйге жүрдек екпін, көтеріңкі көңіл-күй тән. Қырғыздың ботой күйлері теріс (квинта) бұрауында орындалса, композитордың туындысы қазақ домбырасына арналғандықтан, d-g ладтық тірегінде жазылған. Шығарманың ерекшелігін де осы ладтық тірек айқындайды. Себебі оркестрге арналған күйдің тональдігі анық көрсетілмеген. Қазіргі домбыра күйлері (Құрманғазыдан бастап) негізінен оң бұрауда орындалатыны белгілі. Күй басынан бастап бір демде, тоқтамай, үнемі динамикалық, техникалық орындаушылық тәсілдермен дамып отырады. Туындының дыбыстық әуенінде айтарлықтай өзгерістер болмайды. Күй желісі көптеген орындаушылық тәсілдерді пайдалану арқылы дамиды. Қырғыз күүлері квинта құлақ-күйінде болатынын ескерсек, Б. Қыдырбектің шығармасында дәл осы интервалдық құрылымдар көптеп кездеседі.

Шығарманың композициялық құрылымы қазақтың шертпе күйлеріндей

негізгі тақырып бірнеше рет қайталанып отыратын бөліктерден тұрады.

А-В- В1-А1-В2-В3-С-А2-А

Басында көрсетілген ырғақтық формула шығарманың негізгі мазмұнын сипаттайды (№1 мысал).



Аттың шабысын бейнелейтін музыкалық материал екінші рет қайталағанда кішкене вариациялық түрде өзгереді (№2 мысал).



Қайталаудың үшінші түрі симметриялы келеді (№3 мысал).



Келесі үзінді композитордың авторлық арман-қиялынан туындаған музыкалық тақырып. Төмен қағыспен құйындата орындалған күй желісінің бойында ән әуеніне тән лиризмнің бар екенін аңғару қиын емес (№4 мысал).



Әрі қарай композитор қырғыз күйлеріне тән комуздық тәсілдерді еркін қолдана бастайды. Жалпы, күйдің көркемдік мазмұны домбыраға тән емес қағыстар мен тәсілдерді енгізумен қызықты. Алғашында төмен-жоғары қағыстармен орындалатын синкопалық үзінді оркестр дауыстарының алма-кезек қосылуымен көркем суреттеледі. Домбырашылар аспаптың басын көтеріп

ұстап, екпінді тежегендей болады (№5 мысал).



Кенеттен бастапқы тақырыпқа оралуы күйдің виртуозды сипатын дамыта түскендей болады. Бір қарағанда, күйдің негізгі әуені қайталанғандай болып көрінеді (№6 мысал).



Дәстүрлі музыканың композициялық құрылымында қайталау элементтері көптеп кездесетіні белгілі. Ал, композиторлық мамандықты биік кәсіби дәрежеде меңгерген Б.Қыдырбектің туындысында қайталаулар вариациялық түрде беріліп, дыбыстар арасындағы қашықтықтар (интервал) кеңейе түседі.

Алғашында сегіздіктермен серпінді орындалған күй желісінің екпіні саябырсып, дыбыстық қашықтықтар кеңейіп, динамика күйшейе түседі (№7 мысал).



Қырғыз комуз күүлеріне тән жалаң шекте жазылған музыкалық материал дами келе жалғыз саусақпен орындалатын ырғақтық формулаға ауысады. Осындай өрнекті тәсілдер театрландырылған көріністерге ұқсас келіп, шығарма мазмұнын байыта түседі (№8 мысал).



Негізгі тұжырымдар

Балнұр Балғабекқызы Қыдырбек қазақстандық композиторлық мектептің ардақты буын өкілі ретінде кәсіби шеберлігін шыңдап, жас кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін шығармашылық жұмыстарын тоқтатпай, үнемі ізденісте жүрген қаламгер. ХХ ғасырдың ортасында академиялық жазба мәдениетті шебер меңгеріп (профессор Қ.Қожамяровтың сыныбынан), опера, балет, симфония, реквием, үрмелі аспаптар оркестріне арналған музыка жазған ол, дәстүрлі күй өнерінің дамуына да айтарлықтай үлес қосты.

Композитор дәстүрлі күйдің кварта-квинталық интонациялық иірімдеріне көңіл бөліп, композициялық құрылымдар мен ырғақтық формулаларын меңгереді. Ол күйдің ішкі мазмұны мен көркемдік бейнелерін оркестрдің бай тембрлік үнімен көрерменге жеткізуді ұйғарады. Оның «Бөрілі менің байрағым», «Ұяғаржан, жердің салқын-ай», «Серіктес», «Балғабек», «Омар сарыны», «Оспан әуендері», «Серік», «Жаннат», «Сұңқарды торғай тепкен күн», «Керімсал», «Қырғыз күй» туындыларын Қазақстандағы академиялық оркестрлермен қатар, көптеген аймақтардағы шығармашылық ұжымдар да жиі орындауда.

Балнұр Балғабекқызы қазақпен шекаралас орналасқан қырғыз бауырларымыздың музыкасындағы байланыстарды тауып, халық аспаптар оркестрінің репертуар қорын дамытуды көздейді. Осы тұрғыда қазақтың домбырасы мен қырғыз комуз шығармаларындағы жанрлық байланыстарды, музыка тіліндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстырмалы-типологиялық әдістер негізінде талдау өзекті және орынды.

Композитордың халық аспаптар оркестріне арналған «Қырғыз күйінің» жанрлық ерекшелігі жылдам екпінінде, композициялық құрылымында, орындаушылық тәсілдерінде көрінеді.

Шығармада домбыраның шанағын қағып ойнау, музыканттар партияларына дауыспен орындау элементтерін енгізу оркестр орындаушылығында тұңғыш қолданылған тәсілдер ретінде Балнұр Қыдырбектің қолтаңбасын айқындайды.

Қорытынды

Б.Қыдырбектің композиторлық туындыларын саралап, халық аспаптар оркестріне арналған «Қырғыз күй» атты шығармасын талдау барысында төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1. Композитор өзінің шығармалары арқылы қазақ музыкасының дамуына мол үлес қосты:

— оның шығармашылық мұрасы әртүрлі жанрларда жазылған 500-ден астам туындыларды құрайды;

— 150 фольклорлық үлгілерді хатқа түсіріп, өңдеген;

— үрмелі аспаптар оркестріне шығармалар жазған тұңғыш қазақстандық композитор;

— ғылым мен композиторлық шығармашылықты бірдей атқарып жүрген тұлғалардың бірі;

— Қазақстан композиторлық мектебінің дамуында мемлекеттік деңгейде жұмыстар атқарды.

2. «Қырғыз күйі» дәстүрлі музыканың көптеген заңдылықтарын сақтап орындалған авторлық шығарма. Қазақ домбырасында қырғыздың күүлерін орындау мүмкіндіктері композиторлық технологияларды пайдалану арқылы көрсетіледі:

— туысқан қырғыз халқының дәстүрлі музыкасының домбырада орындалу үлгісі көрсетіледі;

— қазақтың домбырасы мен қырғыз комузындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар құлақ-күй, қағыс, бурдон, әуен желісіндегі интервалдық құрылымдар, сюжеттік тақырыптар, күй аңыздарына байланысты;

— шығарманың бойында қырғыздың комузы мен қазақ домбырасына тән

интонациялық иірімдер мен ырғақтық формулалар көптеп кездеседі;

— қыргыз күүлеріндегі жанрлық түсініктерге сәйкес Б.Қыдырбектің «Қыргыз күй» туындысы ботой жанрында жазылған.

3. Күйдің композициялық құрылымы қазақтың шертпе күйілеріне ұқсас келіп, негізгі әуендік тақырып қайталана орындалады. «Қыргыз күйдің» көркемдік ерекшеліктері ретінде әртүрлі орындаушылық тәсілдер қолданылады. Домбыраның басын көтеру, саусақпен шертіп ойнау, алақанмен домбыра шанағын қағу, оркестр музыканттарының партиясында речитатив тәрізді дауыспен орындау элементтерін қолдану — композитордың оркестр музыкасына

енгізген жаңашылдық принциптері деп қабылдауға болады.

Зерттеу барысында алынған нәтижелерді бүгінгі таңда заманауи Қазақстан композиторларының шығармашылығын зерттеуде, жаһандану үрдістері аясында түркілік мәдениеттен бастау алған үлгілерді саралауда, Балнұр Балғабекқызы Қыдырбектің опера, балет, симфониялық музыка, үрмелі оркестр, камералық оркестр және камералық музыка, халық аспаптар оркестрі, кантаталары, эстрада әндері, кино және театрға арналған музыка жанрларында шығармалар жазу шеберлігін анықтауда, композитордың қоғам игілігі үшін атқарған қызметін, адами келбетін айқындауда пайдалануға болады.

Дереккөздер тізімі

Алагушов, Балбай. *Оозеки салттық аспаптық музыка*. Комуз күүлөрүнүн антологиясы: 1-Т., Бишкек, Мага, 2011.

Аль-Фараби. *Трактаты о музыке и поэзии*. Алматы, Ғылым, 1993.

Гафурбеков, Тухтасин. *Творческие ресурсы национальной монодии и их преломление в узбекской советской музыке*. 1989 г. «Московская государственная консерватория им.П.Чайковского», докторская диссертация.

Гизатов, Бисенгали. *Казахский оркестр им. Курмангазы: (очерк творческого пути)*. Алматы, Ғылым, 1994.

Гуллыев, Шахым. *Туркменская музыка (наследие)*. Алматы, Фонд Сорос-Казахстан, 2003.

Ергалиева, Айгуль. «Новые творческие идеи и имена в музыкальном искусстве Западного Казахстана». *Идея «Мәңгілік Ел» в казахской музыке*, ответственный редактор Сара Кузембай. Алматы, Әдебиет Әлемі, 2017, с. 339–347.

Жұбанов, Ахмет. *Ғасырлар пернесі*. Алматы, Дайк-пресс, 2002.

Жұмакова, Үмітжан. *Жұматай Тезекбаев музыкасының форманталары: Зерттеу/орыс тілінен аударған Шегебаев П.Ш.* Астана, Tengri ltd, 2015.

Kaztuganova, Ainur, et al. «Kazakh music in the global context». *Utopia y Praxis Latinoamericana*. Vinesuela, Año 24, n EXTRA 5, 2019, pp. 90–102.

Кузнецов, Андрей. *Из истории кыргызской музыки: сборник статей (1973-2014)*. Бишкек, КРСУ, 2015.

Кузембай, Сара, және т.б. *Қазақ опералары*. Алматы, Жібек жолы, 2010.

Medeubek, Maksat., et al. “Kyl-kobyz-related musical instruments of Turkic peoples living in Central Asia: comparative-typological aspects of the study.” *Opcion*, 2020, No.91, pp. 491–504.

Мусагулова, Гульмира. «1916 жылғы ұлт азаттық көтерілістің Б.Қыдырбектің «Бекболат» симфониясында бейнеленуі». *Идея «Мәңгілік Ел» в казахской музыке*, ответственный редактор Сара Кузембай. Алматы, Әдебиет Әлемі, 2017, б. 321–339.

Мүптекеев, Базаралы. «Халық ұғымындағы Қамбар бейнесі және «Қамбархан» күйлерінің орындаушылық ерекшеліктері». *Замана сазы*, күйші Қ.Медетовтың 100 жылдығына арналған халықаралық конференция материалдары. Алматы, Дайк-Пресс, 2002. б.138–161.

Sabirova, Alyia, and Yergalieva Aigul. “The phenomenon of spiritualituin the Kazakh art songs.” *Opcion Año 36, Especial No. 27*, 2020, pp. 130–149.

Tokzhanov, Tolepbergen, et al. "Kazakh national songs (Zhyrlar) as spiritual teritage of the kazakh nation." *International Journal of Psychosial Rehabilitation*. 2020, V. 24. – Iss. 7, pp. 9832–9835.

Turumbetova A.E. "Development of dombra performance in kazakh culture in the 20th century in the view of new forms of music-making." *Man In India*. 2016, № 96 (7), pp. 2109–2120.

Утегалиева, Сауле. *Хордофоны Центральной Азии*. Алматы, Казакпарат, 2006.

Утегалиева, Сауле. «С.И. Құрманғазы –қазақ музыка өнерінің көрнекті өкілі». *XIX-XX ғасырлардағы Атырау тарихы мен мәдениеті*, республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 7 қыркүйек 2023, Атырау облысы әкімдігі, Атырау облысы мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы, Атырау, 2023, б. 47–52.

Цицикян, Анаит. «Древнее изображение смычкового инструмента из раскопок Двина (к проблеме органологической интерпретации исторических источников)». *Народные музыкальные инструменты и инструментальная музыка*, ответственный редактор Евгений Гиппиус. Москва, Советский композитор, 1987. с.130–141.

Эйхгорн, Август. «Музыка киргизов». *Музыкальная фольклористика в Узбекистане (первые записи)*. Музыкально-этнографические материалы, Ташкент, Издательство АН УзбССР, 1963.

Янушкевич, Адольф. *Күнделіктер мен хаттар немесе қазақ даласына саяхат туралы жазбалар*. Алматы, Жалын, 1979.

References

- Alagushov, Balbay. *Oozeki salttyk aspapytk muzyka* [Oozek salttyk aspapytk music]. Komuz kyylyrynyñ antologiyasy: 1-T., Bishkek, Maga, 2011. (In Kyrgyz)
- Al-Farabi. *Traktaty o muzyke i poezii* [Treatises on music and poetry]. Almaty, Gylym, 1993. (In Russian)
- Gafurbekov, Tukhtasin. *Tvorcheskiye resursy natsionalnoy monodii i ikh prelomleniye v uzbekskoy sovetskoy muzyke* [Creative resources of national monody and their refraction in Uzbek Soviet music]. 1989, Moscow, Moscow State Conservatory, Doctor's Thesis. (In Russian)
- Gisatov, Bisengali. *Qazakh orchestra named after Kurmangazy* [Kazakh orchestra named after Kurmangazy: (an essay on the creative path)]. Almaty, Gylym, 1994. (In Russian)
- Gullyyev, Shakhim. *Turkmenskaya muzyka (naslediye)* [Turkmen music (heritage)]. Almaty, Fond Soros-Kazakhstan, 2003. (In Russian)
- Yergaliyeva, Aigul. "Novyye tvorcheskiye idei i imena v muzykalnom iskusstve Zapadnogo Kazakhstana." [New creative ideas and names in the musical art of Western Kazakhstan]. *The Idea "Mangilik Yel" in Kazakh music*, executive editor Sara Kuzembay. Almaty, Adebijet alemi, 2017, p. 339–347. (In Russian)
- Zhubanov, Ahmet. *Gasyrlar pernesi* [Gasyrlar pernesi]. Almaty, Dayk-press, 2002. (In Kazakh)
- Zhumakova, Umizhan. *Zhumatay Tezekbayev muzykasynyn formantalary: Zertteu/orys tilinen audargan Shegebayev P.Sh.* [Zhumatai Tezekbaev music son formantalary: Zertteu/orys tilinen audargan Shegebaev P.Sh]. Astana, Tengri ltd, 2015. (In Kazakh)
- Kaztuganova, Ainur, et al. "Kazakh music in the global context." *Utopia y Praxis Latinoamericana*. Vinesuela, Ano 24, n EXTRA 5, 2019, pp. 90–102.
- Kuznetsov, Andrey. *From the history of Kyrgyz music: collection of articles (1973-2014)* [From the history of Kyrgyz music: collection of articles (1973-2014)]. Bishkek, KRSU. (In Russian)
- Kuzembay, Sara, et al. *Kazak operalary* [The Kazakh opera's]. Almaty, Zhibek zholy, 2010. (In Kazakh)
- Medeubek, Maksat et al. "Kyl-kobyz-related musical instruments of Turkic peoples living in Central Asia: comparative-typological aspects of the study." *Opcion*. 2020, No.91, pp. 491–504.
- Musagulova, Gulmira. *1916 zhylygy ult azattyk koterilistin B.Kydyrbektin «Bekbolat» simfoniyaasynda beynelenui* [The reflection of the national liberation uprising of 1916 in B. Kydyrbek's symphony "Bekbolat"]. The idea of "Mangilik El" in Kazakh music, editor-in-chief Sara Kuzembay. Almaty, Adebijet alemi, 2017, pp. 321–339. (In Kazakh)

Muptekeeв Bazaraly. “Halyk ыgyмындағы Қамбар beynesі zhәne “Kambarkhan” kuуlerіnіn oryndaushylyk erekshelikteri” [“The image of Kambar in the folk concept and performance features of “Kambarkhan” tunes”]. *Melodii vekov* materialy mezhdunarodnoj konferencii, posvyashchennomu 100-letiyu so dnya rozhdeniya kyujshi Kambara Medetova. Almaty, Dajk Press, 2002. p. 138–161. (In Kazakh)

Sabirova, Alyia, and Yergalieva Aigul. “The phenomenon of spiritualituin the Kazakh art songs.” *Opcion Ano 36*, Especial No. 27, 2020, pp. 130–149.

Tokzhanov, Tolepbergen, et al. “Kazakh national songs (Zhyrlar) as spiritual teritage of the kazakh nation.” *International Journal of Psychosial Rehabilitation*. 2020, V. 24, Iss. 7, pp. 9832–9835.

Turumbetova, A.E. “Development of dombra performance in kazakh culture in the 20th century in the view of new forms of music-making.” *Man In India*. 2016, №96 (7), pp. 2109–2120.

Utegaliyeva, Saule. «Kurmangazy – kazak muzyka onerinin kornekti okili» [“S.I. Kurmangazy - an outstanding representative of Kazakh musical art”]. *History and culture of Atyrau in the 19th-20th centuries*, materials of the republican scientific and practical conference. September 7, 2023, Atyrau regional Meria, Atyrau regional department of culture and language development, Atyrau, 2023, pp. 47–52. (In Kazakh)

Utegaliyeva, Saule. *Khordofony Tsentralnoy Azii [Chordophones Central Asia]*. Almaty, Kazakparat, 2006. (In Russian)

Tsitsikyan, Anait. «Drevneye izobrazheniye smychkovogo instrumenta iz raskopok Dvina (k probleme organologicheskoy interpretatsii istoricheskikh istochnikov)» [“Ancient image of a bowed instrument from the Dvina excavations (to the problem of organological interpretation of historical sources)”]. *Folk musical instruments and instrumental music*, editor-in-chief Yevgeny Gippius. Moscow, Soviet composer, 1987. pp. 130–141. (in Russian)

Eykhgorn, August. “Muzyka kirgizov” [“Music of the Kyrgyz”]. *Muzykalnaya folkloristika v Uzbekistane (pervyye zapisi)*. Musical-etnographic materials, Tashkent, Izdatelstvo AN UzbSSR, 1963. (in Russian)

Yanushkevich, Adolf. *Kyndelikter men khattar nemese kazak dalasyna sayakhat turaly zhazbalar [Music of the Kyrgyz]*. Almaty, Zhalyн, 1979. (in Kasakh)

Ергалиева Айгуль

Западно-Казахстанский университет им.Махамбета Утемисова
(Уральск, Казахстан)

АНАЛИЗ ВЗАИМОВЛИЯНИЯ МУЗЫКАЛЬНЫХ СВЯЗЕЙ МЕЖДУ СОСЕДНИМИ НАРОДАМИ В ТВОРЧЕСТВЕ КОМПОЗИТОРА БАЛНУР ҚЫДЫРБЕК (НА ПРИМЕРЕ «ҚЫРҒЫЗ КҮЙ»)

Аннотация. Одним из ярких представителей современной казахстанской композиторской школы, внесший весомый вклад в ее развитие является Балнур Балгабековна Кыдырбек (1955). Она является автором более 500 сочинений, написанных в разных жанрах, как опера, балет, музыка для симфонического и духового оркестра, реквием, кантата и др. Ее сочинения для для оркестра казахских народных инструментов исполняемыми многими современными творческими коллективами требуют проведения отдельных научно-исследовательских работ для определения вклада композитора в развитие исполнительского искусства Казахстана.

Цель исследования – показать на примере «Кыргыз кюй» для оркестра казахских народных инструментов Б.Кыдырбек процесс взаимодействия тюркоязычных (казах-кыргыз) культур в инструментальной музыке и выявить стиль композитора. Для этого были определены следующие задачи: 1) выявление высокопрофессиональных возможностей композитора современности в создании множества произведений в разных жанрах, 2) рассмотрение сформировавшихся музыкальных связей в типологически родственных инструментах казахов и кыргызов, 3) сделать семантический анализ «Кыргыз кюй» для оркестра казахских народных инструментов, 4) доказать введение новых композиторских технологий в партитуру оркестра в виде разнообразных приемов игры на инструменте.

В исследовании были применены комплексный и системный подходы, а также сравнительно-исторический, сравнительно-типологический, морфологический методы исследования. Представление творческого облика композитора опирались на научные изыскания Сары Кузембай, Гульмиры Мусагуловой, Зульфийи Касимовой, а при написании казах-кыргызских музыкальных связей были использованы научные труды Аугуста Эйхгорна, Сауле Утегалиевой, Акботы Турымбетовой, Максата Медеубек. В подготовке статьи исполнение произведений композитора Балнур Кыдырбек в интерпретации известного казахстанского дирижера-композитора, заслуженного деятеля РК, профессора Айткали Жаимова и главного дирижера и художественного руководителя Западно-Казахстанского областного оркестра им.Даулеткерей Еркина Нурымбетова имели особое значение.

В результате исследования были обозначены исторические связи казахских и кыргызских кюев, которым характерны общность сюжетов, жанров, композиционных структур, а сочинением «Кыргыз кюй» композитор Балнур Кыдырбек смогла не только обогатить репертуар оркестра казахских народных инструментов путем интонационных строений, но и внедрить новые исполнительские приемы игры как пальцевые бряцания по всему корпусу инструмента и использование речитативных возгласов в партии музыкантов.

Ключевые слова: казахстанский современный композитор, традиционное музыкальное искусство, домбровые кюи, кыргызский комуз, исполнительские штрихи, интонационные формообразования.

Для цитирования: Ергалиева Айгуль. Анализ взаимодействия музыкальных связей между соседними народами в творчестве композитора Балнур Кыдырбек (на примере «Кыргыз кюй»). *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 9, № 4, 2024, с. 120–138. DOI: 10.47940/cajas.v9i4.944

Автор прочитал и одобрил окончательный вариант рукописи и заявляет об отсутствии конфликта интересов.

Yergaliev Aijul

Makhambet Utemisov West Kazakhstan University
(Uralsk, Kazakhstan)

ANALYSIS OF INTACTION OF MUSICAL CONNECTIONS BETWEEN NEIGHBORING PEOPLES IN THE WORKS OF COMPOSER BALNUR KYDYRBEK (BASED ON THE EXAMPLE OF «KYRGYZ KUI»)

Abstract. One of the prominent representatives of the modern Kazakh school of composition, who has made a significant contribution to its development, is Balnur Balgabekovna Kydyrbek. She is the author of more than 500 compositions in various genres, including opera, ballet, music for symphonic and wind orchestras, requiem, cantata, and others. Her compositions for orchestras of Kazakh folk instruments, widely performed by many contemporary creative ensembles, require dedicated scientific research to determine her contribution to the development of the performing arts in Kazakhstan. The study aims to demonstrate, through the example of “Kyrgyz Kui” for an orchestra of Kazakh folk instruments, the process of mutual influence between Turkic-speaking (Kazakh-Kyrgyz) cultures in instrumental music and to reveal the composer’s style. For this purpose, the following tasks were defined: 1) identifying the highly professional capabilities of a modern composer in creating many works in different genres, 2) examining the formed musical connections in typologically related instruments of the Kazakhs and Kyrgyz, 3) making a semantic analysis of “Kyrgyz Kui” for the orchestra of Kazakh folk instruments, 4) proving the introduction of new compositional technologies into the orchestra score in the form of various techniques for playing the instrument.

The study used a comprehensive and systemic approach, as well as comparative-historical, comparative-typological, morphological research methods. The presentation of the composer’s creative image was based on the scientific research of Sara Kuzembay, Gulmira Musagulova, Zulfiya Kasimova, and when writing Kazakh-Kyrgyz musical connections, the scientific works of August Eichhorn, Saule Utegalieva, Akbota Turymbetova, Maksat Medeubek were used. In preparing the article, the performance of the works of the composer Balnur Kydyrbek in the interpretation of the famous Kazakhstani conductor-composer, Honored Worker of the Republic of Kazakhstan, Professor Aitkali Zhaimov and the chief conductor and artistic director of the West Kazakhstan Regional Orchestra named after Dauletkey Erkin Nurymbetov were of particular importance.

As a result of the study, historical connections between Kazakh and Kyrgyz Kuis were identified, which are characterized by common plots, genres, compositional structures, and with the composition “Kyrgyz Kui” composer Balnur Kydyrbek was able not only to enrich the repertoire of the orchestra of Kazakh folk instruments through intonation structures, but also to introduce new performance techniques such as finger strumming across the entire body of the instrument and the use of recitative exclamations in the musicians’ part.

Key words: Kazakh contemporary composer, traditional musical art, dombra kuys, Kyrgyz komuz, performance strokes, intonation formations.

Cite: Yergaliev Aijul. “Analysis of intaction of musical connections between neighboring peoples in the works of composer Balnur Kydyrbek (Based on the Example of ‘Kyrgyz Kui’)”. *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 9, № 4, 2024, pp. 120–138, DOI: 10.47940/cajas.v9i4.944

The author have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.

Автор туралы мәлімет:

Ергалиева Айгуль Темирбулатовна – өнертану кандидаты, орындаушылық өнер мамандарын дайындау БББ аға оқытушысы, Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті (Орал, Қазақстан)

Сведения об авторе:

Ергалиева Айгуль Темирбулатовна – кандидат искусствоведения, старший преподаватель ОП «Подготовка специалистов исполнительского искусства», Западно-Казахстанский университет им.Махамбета Утемисова (Уральск, Казахстан)

Information about the author:

Ajgul Yergalieva – Candidate of Art History, senior lecturer of the EP training of performing arts specialists, Makhambet Utemisov West Kazakhstan University (Uralsk, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0002-4714-7099
E-mail: aig_erg63@mail.ru